

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІ
ЖАНЫНДАҒЫ АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІНЕ АРНАЛҒАН МАШИНАЛАР
ЖАСАУ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ҚАУЛЫСЫ 10 қаңтар 1994 ж. N 50. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 шілдедегі N 781 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы агроөнеркәсіп кешеніне арналған машиналар жасау жөніндегі Кеңес туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
П р е м ь е р - м и н и с т р і

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 10 қаңтардағы
N 50 қаулысымен

БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті
жанындағы агроөнеркәсіп кешеніне арналған
машиналар жасау жөніндегі Кеңес туралы
ЕРЕЖЕ

1. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы агроөнеркәсіп кешеніне арналған машиналар жасау жөніндегі Кеңес (бұдан былай - Кеңес) Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 15 қыркүйектегі N 881 қаулысына сәйкес құрылған.

2. Кеңес агроөнеркәсіп кешені салаларына арналған машиналарды жасауды бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізуді қамтамасыз ете отырып тұрақты жұмыс істейтін үкімет органы болып табылады.

Кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына және атқарушы өкімет, мемлекеттік, шаруашылық басқармалары органдарымен өзара іс-қимыл негізінде осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Агроөнеркәсіп кешенін машиналармен, жабдықтармен, оларға қажетті қосалқы бөлшектермен қамтамасыз ету және ауыл шаруашылығы техникаларына

техникалық қызмет көрсету саласындағы республиканың стратегиясын жүзеге асыру мақсатында Кеңес өз жұмысын мына негізгі бағыттарда жүзеге асырады:

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенін дамытудың Тұжырымдамалық бағдарламасы негізінде ауыл шаруашылығының, ұқсатушы және қызмет көрсетуші салалардың машиналарға, жабдықтарға, оларға қажетті қосалқы бөлшектерге деген қажеттілігін қарастырады, ауыл шаруашылығы жұмыстарын кешенді механикаландыруға арналған машиналардың перспективалық жүйесін бекітеді;

агроөнеркәсіп кешеніне арналған машиналар жасауды дамыту, тиісті өндірістік базалар құру жөніндегі бағдарламаларды қарап, бекітеді және республика қорларынан жеңілдікті кредиттер немесе шетелдік инвестициялар беру арқылы жобаларды қаржыландыру үшін техникалық-экономикалық құжаттамаларды (бизнес-жоспар) әзірлеу мақсатымен оларды жүзеге асырудың басым бағыттарын белгілейді;

республиканың өнеркәсіп орындарында агроөнеркәсіп кешені салаларына арналған машиналар, жабдықтар мен оларға арналған қосалқы бөлшектер шығаруды ұйымдастыру жөнінде шешім қабылдайды және ұсыныс береді;

мемлекеттік валюта қоры есебінен мақсатты түрде сатып алынатын техникалардың көлемін, номенклатурасын анықтайды және оларды сатып алуға тиісті кепілдеме береді;

мемлекеттік кредит жүйесін тарта отырып агроөнеркәсіп кешенінің ұқсатушы салаларына арналған ауыл шаруашылық техникалары мен жабдықтарын шығару жөніндегі шетелдік фирмалармен бірлескен кәсіпорындар құру жөніндегі ұсыныстарды қарайды;

құру және оларды шығарудың бастапқы кезеңі (алғашқы екі жыл ішінде) барысында жеңілдікті несие беруге, салық салуға жататын агроөнеркәсіп кешені салаларына арналған машиналар мен жабдықтардың тізбесін белгілеп, оны Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Кеңесте қарауға ұсыныс жасайды және агроөнеркәсіп кешеніне арналған техника жасаушы кәсіпорындарды экономикалық ынталандыру жөніндегі басқа да ұсыныстарды қарайды;

агроөнеркәсіп кешеніне арналған машиналар мен жабдықтар сервисін дамыту жөніндегі ұсыныстарды қарайды.

4 . К е ң е с т і ң :

министрліктерден, ведомстволардан, басқа да мемлекеттік басқару органдарынан, жергілікті әкімдерден, кәсіпорындар мен ұйымдардан Кеңес мәжілісіне материалдар даярлауға қажет мәліметтерді сұрауға және алуға;

министрліктерде, ведомстволарда, шаруашылық басқару органдарында, мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдарда агроөнеркәсіп кешеніне арналған

машина жасауды дамытуды қамтамасыз ету, Кеңес шешімдерін орындау мәселелері жөнінде тексерулер жүргізуді ұйымдастыруға;

өз мәжілістерінде мемлекеттік және шаруашылық басқару органдарының, кәсіпорындар мен мекемелер басшыларының Кеңес шешімін орындау жөнінде жүргізген жұмыстары туралы ақпараттары мен есебін тыңдауға;

агроөнеркәсіп кешеніне арналған машина жасауды дамытудың жекелеген мәселелерін әзірлеу және Кеңес мәжілісіне құжаттарды даярлау үшін министрліктердің, ведомстволардың, мемлекеттік компаниялардың, өнеркәсіп орындарының, ғылыми және жобалау ұйымдары басшыларынан, ғалымдары мен мамандарынан жұмыс тобын құруға құқы бар.

5. Кеңес агроөнеркәсіп кешеніне арналған техникаларды әзірлеуге, сынауға, шақыруға, беруге, пайдалану мен қызмет көрсетуге қатысқан министрліктердің, ведомстволардың, ұлттық және мемлекеттік компаниялардың кәсіпорындар, ғылыми және жобалау мекемелерінің өкілдерінен құрылады.

Кеңесті Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің агроөнеркәсіп кешенге жауапты орынбасары басқарады.

Кеңестің дербес құрамы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысымен бекітіледі.

Кеңестің жұмысшы аппараты, басқа мүдделі ұйымдардың өкілдерін қатыстыра отырып, "Қазагрожөнмаш-холдинг" Мемлекеттік холдингтік компаниясының атқарушы аппараты болып табылады.

6. Кеңес жұмысын өз мәжілісінде бекіткен жылдық және тоқсандық жоспарларына сәйкес жүргізеді.

Кеңес мәжілісі қажет болған жағдайларда, бірақ тоқсанына екі реттен жиі емес, өткізіледі. Кеңестің шешімі оның өкілеттігі мен құзыры шегінде хаттама түрінде хатталады және оны мемлекеттік және шаруашылық басқару органдарының бәрі орындауға тиісті.

Кеңесте қаралып, Үкімет шешімін қажет еткен материалдар, белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қарауына енгізіледі.